

- Қазақстанда дәрілік препараттарды өндірумен айналысатын 100-ге тарта кәсіпорын тіркелді. 2005 жылы жалпы соммасы 3,16 миллион теңгені құрайтын медициналық препараттар өндірілді, бұл 2004 жылмен салыстырғанда 110 %-ке жоғары. Айта кететін жайт, 2005 жылы медициналық препараттардың экспорты 305,8 миллион теңгені құрады.
- Қазақстан Республикасын медициналық препараттармен негізгі жабдықтаушылар препараттарды әкелу көлемінің қысқару ретімен келесі кестеде көрсетілген:
- Кесте 1 - ҚР медициналық препараттармен негізгі жабдықтаушылар.
- Бағасына байланысты      Санына байланысты
- 1.        Ресей1.        Ресей
- 2.        Германия    2.        Үндістан
- 3.        Үндістан    3.        Беларусь
- 4.        Венгрия    4.        Литва
- 5.        Словения    5.        Германия
- 6.        Франция    6.        Польша
- 7.        Польша    7.        Франция
- 8.        Литва8.    Венгрия
- 9.        Болгария    9.        Швейцария
- 2005 жылы импорт көлемі 26 миллиард теңгені (186,6 миллион АҚШ долларын) құрады, 2004 жылмен салыстырғанда 26 % өскенін білдіреді.

- Қазақстандағы нарықтық қарым – қатынастардың дамуымен байланысты тауарлардың әртүрлілігінің өсуі тек қана азық – түлік тағамдарының нарығына ғана емес, сондай-ақ дәрілік препараттар нарығына да үлкен әсерін тигізді. Қазіргі уақытта дәрілік препараттар нарығында әлемдік фармацевтикалық нарықтың барлық танымал өндірушілері ұсынылған. Бұл жағдай тұтынушыға өзіне неғұрлым ыңғайлы және тиімді дәріні таңдауға мүмкіндік береді.
- Қазақстандағы дәрілік препараттар нарығын қарастыралық. TNS Gallup Media Asia компаниясының Қазақстанның он бір ірі қалаларында жүргізген пікір – сұрауларының нәтижелері Қазақстанда дәрілік препараттарды бүкіл халықтың 80 пайызы пайдаланатынын көрсетті.
- Халық арасында неғұрлым кең тараған дәрілік препараттар болып бас ауруына қарсы дәрілер және ауырмайтын етуге (жансыздандыруға) бағытталған дәрілер саналады. Осындай препараттарды дәрілік препараттарды алатын тұтынушылардың 72,5 пайызы сатып алады. Екінші орында – суық тию мен тұмауға қарсы дәрілерді тұтынушылардың 54,3 пайызы сатып алады. Ал үшінші орында – тұтынушылардың 40,7 пайызы сатып алатын жөтелге қарсы дәрілер тұрады

- Қазақстанның фармацевтикалық нарығы қарқынды даму үстінде және жақын болашақта украиналық нарықты басып озуы мүмкін. Бірақ бұл тек мына жағдайда болуы мүмкін: егер Ресейдің табысты мысалына жүгініп, Қазақстанның билік күштері отандық фармацевтерге қажетті қолдау көрсеткенде.
- Сарапшылардың пікірінше, бүгінгі таңда ресейлік фармацевтикалық нарық ТМД елдерінің арасында дамыған болып есептеледі, ал медициналық препараттардың украиналық нарығы дамуы жағынан 2 жылға артта қалып қойды, ал қазақстандық нарық 4 жылға артта қалды. Ресейдегі фармацевтикалық саланың дамуында маңызды рөлді қосымша дәрілік қамтамасыз етудің мемлекеттік бағдарламасы атқарады. Бұл бағдарлама мемлекет бюджетінен қаржы құралдарын бөлу есебінен нарық көлемін ұлғайтуға мүмкіндік туғызды. Осы бағдарлама есебінен 2005 жылы ресейлік нарық 25 – 28 % - ға өсті.
- Қазақстанның дамуы дәрілік препараттар нарығына шетелдік өндірушілер де қызығушылық білдіреді. Сарапшылардың айтуынша, бірнеше шетелдік фармацевтикалық компаниялар Қазақстандағы өздерінің фирмалары мен өкілдіктерінің инфрақұрылымына күрделі инвестициялар салуды жоспарлап отыр. Бұл нарықта отандық фармацевтердің позициялары едәуір көзге түседі. Ірі украиналық компаниялар, атап айтқанда, «Дарница», «Фармак» және «Борщаговский ХФЗ» компаниялары нарықтың 57 % алып жатыр. Бірақ күшейіп жатқан бәсекелестікті және Қазақстан нарығының даму
- қарқынын есепке алғанда, нарық үлестерінің бөлінуі жақын уақыт аралығында өзгеруі мүмкін.
- Денсаулық – адам бақытының маңызды бөлігі. Бұл жерде кәсіптік мансап пен қаржылық тұрақтылық та екінші орында болады. Осы денсаулық туралы құттықтауларда, салтанатты сөз сөйлегенде айтады, туыстары мен жақындарына үнемі ескертіп отырады. Бірақ денсаулықтың ерекше рөлін жақсы біле отырып адамдар бұл нәрсені «алыс жәшікке» салып, жұмысқа немесе жай демалысқа өздерінің қалауын білдіреді.
- Адамдардың өз денсаулығына деген қарама – қайшы қарым – қатынасы – бұл қорқу, жалған наным, сенбеушілік, жалқаулыққа негіделген кәдімгі адамдық фактор ма? Осы сұраққа жауап ретінде «GFK» компаниясының мамандары жүргізген зерттеулердің нәтижелері болады.

- Бұл жоба бір уақытта әлемнің 14 елінде жасалды. Бұған біздің азаматтармен қоса 15000 респонденттер қатысты. Пікір сұрау халықтың денсаулығының жағдайы мен Еуропа және Қазақстан территориясындағы медициналық жүйе туралы жалпы ақпарат алу мақсатын көздеген. Бұл жерде елдердегі медицина дамуына және азаматтардың жеке көңіл – күйіне әсер ететін негізгі факторлар көрсетілген. Бұл зерттеуде австриялықтар, чехтер, словактар, венгерлер, словенецтер, хорваттар, боснийлар, сербтер, поляктар, ресейліктер, украиндықтар, румындықтар, бұлғарлар мен қазақстандықтар өзінің жеке денсаулығын, медициналық сақтандыру жүйесін, фармацевтикалық өнімдердің сапасы мен сатып алу мүмкіндігін, медициналық қызмет көрсетудегі халықтың қанағаттану дәрежесін өздігінен бағалайды.
- Хорваттар, словенецтер, ресейліктер, украиндықтар, поляктар және австриялықтар қатты ауырған жағдайда шетелдік компаниялардан гөрі жергілікті фармацевтикалық компаниялардың өнімдерін сенімділікпен сатып алады. Өз кезегінде, сұралған 1000 қазақстандықтардың ішінен 41% халықаралық фармацевтикалық компаниялардың өнімдерін таңдайды, тек 14% ғана отандық өндірушілерді таңдайды. Қалған респонденттердің 45% ауырған кезде жергілікті немесе шетелдік дәрілерді таңдауда ерекше табандылықты таңытпайды және де ер адамдар әйелдерге қарағанда төменірек міншілдікпен сипатталады (